

ТАРИХЫ БАЙ КАФЕДРА

«Химия өндірістерінің машиналары және ашараттары» кафедрасы 1955 жылы Қазақ химия-технология институтының құрамында құрылды. Бұл кафедра Қазақстандағы жоғары оқу орындарының ғылыми-педагогикалық саласындағы тұңғыш өрі жалғыз болатын.

Өндіріс пен ғылыми-техникалық прогрестің дами бастаған, сала мамандарына деген сұраныс артқан 50-ші жылдардың орта шегінде құрылған кафедраның қажеттілігі айтпаса да түсінікті еді. Аймақтағы құрылыстың, құрылыс материалдары өнеркәсібінің қарқынды дамуымен, осыған орай осы кәсіпорындардың механикалық қызметтеріндегі жоғары білікті мамандардың тапшы болуы кафедра алдында силикат өнеркәсіптерінің машиналары мен ашараттары мамандығы бойынша мамандар даярлау мәселесі қойылды.

1964 жылға қарай инженерлерді даярлау стратегиясына түзетулер енгізілді, бұл түзетулер университеті көлемінде де, сонымен қатар кафедра алдында да басты мақсат болып тұрды. Институт атауы айтып тұрғандай, химия-технология саласына маман даярлау бағытын ұстанды. Ал, кафедра тек құрылыс материалдары кәсіпорындарына маман даярлаумен шектелмей, химия-технологиялар саласына да маман даярлау ісін қамти бастады. Осы уақыттан бастап ұжым Мәскеу, Қазан, Иванов, Днепропетровск, Санкт-Петербург қалаларының химия-технология институттарына, университеттері және академияларының ұқсас кафедралармен Мәскеу инженерлік экология мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург технологиялық институты, сондай-ақ, салалық және академиялық ғылыми-зерттеу институтымен ғылыми-өдістемелік тығыз байланыс орнатты.

Кафедраның жинақталған ғылыми-техникалық және өдістемелік әлеуеті артып, оның негізін қалаған доцент И.П. Калитов ұжымның дамуы мен ғылыми-педагогикалық қалыптасуына қосқан үлесі үшін жоғары мемлекеттік наградаға ұсынылды. Ленин орденінің иегері атанды. 1966 жылы кафедраны Киев құрылыс материалдары институтының түлегі В.В. Порошин басқарды. Бұл кезең кафедра ұжымының жаппай ғылыми-зерттеу жұмысына тартылуымен ерекшеленді. Осылайша институт түлектері М.Алтыбаев, Н.Болгов, Г.В.Давыдов, Б.И.Кучмистый, Ю.К.Туляев, М.К.Сүлейменов және басқа да азаматтар ғылымға бет бұрды. Химия өнеркәсібінде масса алмасу аппараттарының жаңа типтерін өзірлеу, енгізу және өрі қарай жетілдіруге үлкен үлес қосқандар ретінде олардың есімдері оқу орнының тарихында қалды. Ғылыммен айналысудың нәтижесі ретінде осы оқытушылар 60-шы жылдың екінші жартысында 70-ші жылдардың басында кандидаттық диссертацияларын қорғады. Кейін кафедраның басқа да түлектері ғылыми жұмыстарын қорғап, ҚазХТИ жалпы инженерлік және мамандықтың кафедраларында және басқа ЖОО-да қызмет атқарды. (М.Ф.Үркімбаев, М.К.Қуатбеков, Ф.Е.Алтынбеков).

1974 жылы 1 қыркүйекте ЖОО мамандықтар номенклатурасында қарастырылған мамандануға сөйкес, бұрынғы база негізінде «Құрылыс материалдары, бұйымдары және конструкциялары кәсіпорындарының механикалық жабдықтары» (өр жылы кафедраны доцент Ю.К.Туляев профессорлар М.К.Сүлейменов және М.А.Алтыбаев басқарды) және «Химия өндірістерінің машиналары және ашараттары» кафедралары құрылды.

Сонғысын Мәскеу химиялық машинажасау академиясының түлегі, т.ғ.к., доцент кейін т.ғ.д., профессор, КР ҰҒА академигі, республикалық және халықаралық инженерлік академиясының академигі О.С.Балабеков басқарды.



Үченнің
Үчитель
Педагог

«НОДФОС», Тараз суперфосфат зауыты, Ақтөбе химия зауыты және хромдық қосылыстар зауыты, ӨБ «Сера», Львов облысындағы Новый Раздөл к., №1 Краснодар химия комбинаты, «Навоиазот» ӨБ және басқалары) кафедраның өнертапқыштарымен өзінленген массаалмасу аппаратуралары құрастырылды және сыналды, ал, сонынан өнеркәсіптік қондырғылар ретінде өндіріске енгізілді.

Кең диапазонды процестердегі аппаратуралардағы зерттеу нәтижелеріне және салалық мөліметтерге негізделген аса бай эксперименталды материал, кафедра ғалымдарына химия және химиялық техниканың көптеген мәселелерін кең жалпы ғылыми пікірталасқа шығаруына мүмкіндік берді. Ол I, II және IV «Химтехника» жаппыодақтық ғылыми-техникалық конференцияларда (1977, 1980 және 1988 жылдар) жүзеге асты. Шымкент қаласында өткен конференциялар кафедра басшылығының және ҚазХТИ ректоры, т.ғ.д., профессор Ш.М.Молдабековтің ұсынысымен ұйымдастырылды және ол одақтық республикалық академиялар тарапынан қолдау тапты.

70-ші жылдардың басынан бастап кафедра оқытушылары екі жүзден аса КСРО авторлық куәліктерін, алдын ала патенттерін, КР өнертабыска инновациялық патенттерін алды. Химиялық техникалардың элементтеріне, түйіндері мен құрылғыларына ондаған ТУ өзінленді. Ұжымның ғылыми, өдістемелік және педагогикалық тәжірибелерге бай 20-дан аса монографиялары мен 30 оқу құралы жазылды өрі жарық көрді.

Кафедра ашылғалы құрылыс материалдары, химия және мұнай өңдеу, мұнай-химия және олармен аралас салалардың өнеркәсіп кәсіпорындары үшін бес мыңнан аса инженер-механик, бакалаврлар мен магистрлар даярлап шығарды.

Олардың ішінде Социалистік Еңбек Ері, Белгород цемент зауытының директоры Туманова А.Д., «Химпром» ТАҚ президенті Атабаев М.Д., ұсталық-пресс жабдықтары өндірісі бойынша ШАК президенті Пляжук В.Д., ПО «Куйбышевфосфор» ӨБ бас директоры Пименов С.Д., «Шымкентшина» АҚ бас инженерінің орыбасар Шипачев Г.Е., «Фосфор» ШАК өндірістік басқармасының бастығы Сидиропуло Д.И., «Фосфор» ШАК бас механигі Қарыбаев Б.М., «Шымкентшина» ШАК бас директоры Рева Ю.М., Шымкент ШРЗ бас директоры Крюков В.И., «АХКЗ» АҚ басқарма төрағасы Химич А.А., «Казфосфат» ЖШС ЖФ (ЖЖФЗ) бас инженері Керімбаев А.Б. және көптеген ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының басшыларымен бас мамандары бар.

Көптеген түлектер ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының басшылары және мемлекеттік қайраткер-

дары мен кәсіпкерлер одағының төрағасы, профессор Үркімбаев М.Ф., Ресей Федерациясының Қырғызстан республикасындағы елшісі Рудов Г.А., КР ПМ генералы Сұлтанов Ж.А., КР ҰҚК генералы Накисбаев В.И. және басқалары.

Кафедра түлектерінің едәуір бөлігі өз өмірлерін ғылым мен педагогикаға арнады. Бұл ҰҒА академигі т.ғ.д., профессор Чоманов У.Ч., техника ғылымының докторлары, профессорлар Алтыбаев М.А., Сүлейменов М.К., Алтынбеков Ф.Е., Шарыгин М.П., Серманов С.С., Қуатбеков М.К., Бренер А.М., Волненко А.А., Голубев В.Г., Алтаев М.А., Бекибаев Н.С., техника ғылымының кандидаттары, доценттер Давыдов П.В., Болгов Н.П., Лысенко Н.И., Кучмистый Б.И., Навесов Ш.А., Гисматулин Ч.Н., Сарбасов А.С., Кирасилов О.М., Күмісбеков С.А., Сейтханов Н.Т. және басқалар.

90-шы және кейінгі жылдары кафедраның инженерлер даярлайтын мамандықтар ауқымы бірте-бірте кеңейді: 1993 жылы жаңа мамандық — 140740 «Тамақ өндірістерінің машиналары және аппараттары», 1999 жылы — 160140 «Стандарттау және сертификаттау» (қолдану салалары бойынша), 2001 жылы — 140140 «Табиғатты көркейту және қоршаған ортаны қорғау машиналары және жабдықтары» және 140540 «Мұнай және газ өнеркәсіптерінің машиналары мен жабдықтары», 2002 жылы — 200340 «Газмұнайөткізгіштер және газмұнай сақтау қоймаларын жобалау, салу және пайдалану» және 200240 «Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылау» мамандықтары ашылды.

Осы бағытта жүргізіліп отырған жұмыстардың өзектілігі мен деңгейінің жоғары екендігін куәландырады. Мысалы, INTAS жүйесі бойынша іргетасты ҒЗЖ орындауға атсалысқан авторларға халықаралық гранттар және ғылыми ашылым дипломдары (№144, авторлар Балабеков О.С. және Петин В.Ф. және №269; авторлар Балабеков О.С., Волненко А.А., Пралиев С.; Қорғанбаев Б.Н., Балабекова М.О., Викторов С.В.) тағайындалды.

«Химия өндірістерінің машиналары және аппараттары» (қазір «Технологиялық машиналар және жабдықтар») кафедра ұжымы Қазақстан ЖОО жоғары репутациясына ие альма-матер — М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің құрамында өзінің 60 жылдық мерейтойын тойлауда.

А.ВОЛНЕНКО
ОҚМУ «Технологиялық машиналар және жабдықтар» кафедрасының меңгерушісі, профессор,
Б.ОСПАНОВ
«Технологиялық машиналар және жабдықтар»